

**"2018-2019 оқу жылына арналған мамандықтар бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 204 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 11 сәуірде № 18500 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "2018-2019 оқу жылына арналған мамандықтар бөлінісінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 204 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16937 болып тіркелген, 2018 жылғы 1 маусымдағы Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бөлінген 2018-2019 оқу жылына магистрлерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

"1.Білім" деген бөлімде:

"

|          |                           |     |     |     |
|----------|---------------------------|-----|-----|-----|
| 6M010800 | Дене шынықтыру және спорт | 67  | 67  |     |
| 6M010900 | Математика                | 206 | 206 |     |
| 6M011000 | Физика                    | 185 | 124 | 125 |
| 6M011100 | Информатика               | 190 | 124 | 125 |
| 6M011200 | Химия                     | 159 | 110 | 125 |
| 6M011300 | Биология                  | 189 | 125 | 125 |

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

|          |                           |     |     |    |
|----------|---------------------------|-----|-----|----|
| 6M010800 | Дене шынықтыру және спорт | 68  | 68  |    |
| 6M010900 | Математика                | 205 | 205 |    |
| 6M011000 | Физика                    | 185 | 124 | 61 |
| 6M011100 | Информатика               | 190 | 124 | 66 |
| 6M011200 | Химия                     | 159 | 110 | 49 |
| 6M011300 | Биология                  | 189 | 125 | 64 |

".

,"

"

|         |      |      |     |     |
|---------|------|------|-----|-----|
| Барлығы | 2794 | 2356 | 198 | 500 |
|---------|------|------|-----|-----|

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|
|  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|

|         |      |      |     |     |
|---------|------|------|-----|-----|
| Барлығы | 2794 | 2356 | 198 | 240 |
|---------|------|------|-----|-----|

"  
;  
"

|          |       |       |     |     |
|----------|-------|-------|-----|-----|
| Жиынтығы | 12484 | 11561 | 423 | 500 |
|----------|-------|-------|-----|-----|

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

|          |       |       |     |     |
|----------|-------|-------|-----|-----|
| Жиынтығы | 12224 | 11561 | 423 | 240 |
|----------|-------|-------|-----|-----|

"

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т. Ешенқұловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.